

Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы

Күшін жойған

Астана қаласы Мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы № 143/18-III Шешімі. Астана қаласы Әділет департаментінде 2005 жылғы 1 шілдеде № 395 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 250/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтарға алдағы уақытта көмек көрсету мақсатында, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2012.11.21 N 84/10-V (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласының бюджеті қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі бекітілсін.

*А с т а н а қ а л а с ы н ы ң
м ә с л и х а т ы с е с с и я с ы н ы ң*

төрағасы

А с т а н а қ а л а с ы

мәслихатының хатшысы

Келісілді:

*А с т а н а қ а л а с ы н ы ң
ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж ә н е
ә л е у м е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р*

департаментінің директоры

*А с т а н а қ а л а с ы м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 6 м а м ы р д а ғ ы*

**Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік
көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының
ТІЗІМІ**

Ескерту. Тізімге өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2008.04.24 N 80/14-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.09.07 N 115/18-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2009.03.31 N 196/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.12.13 N 412/54-IV (алғашқы ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2011.08.11 № 474/67-IV (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді); 2012.06.26 N 47/5-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері.
2. Жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғалар.
3. Ұлы Отан соғысы жылдары алты айдан кем емес тылда жұмыс істеген және бұрынғы КСР Одағының ерен еңбегі үшін алқалары мен ордендерімен марапатталмаған тұлғалар.
4. 1, 2, 3 топтардағы мүгедектері.
5. Он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар.
6. Жасы және еңбек өткерген жылдар бойынша зейнеткерлер.
7. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31 N 196/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.
8. Қазақстан Республикасының алдында ерекше қызметтері үшін зейнетақы алушылар.
9. Төрт және одан да көп 18 жасқа дейінгі балалары бар көпбалалы отбасылар.
10. Қаланың қамқорлық, балалар үйінің түлектері.
11. Жалғыз ата-анасынан немесе ата-анасының екеуінен айырылған жетім балалар.
12. Жұмыссыз азаматтар.
13. Табыс жиынтығы азық-түлік себетінің құнынан төмен аз қамтылған азаматтар.
14. Саяси қуғын-сүргін құрбандары.
15. "Астана қаласының құрметті азаматы" атағын иеленген азаматтар.

16. "Астана қаласының туберкулезге қарсы диспансері" мемлекеттік мекемесінде диспансерлік есепте тұратын белсенді туберкулезбен ауыратын м ұ қ т а ж а з а м а т т а р .

17. Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар.

18. «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК